

2009 - 2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол" мемлекеттік (арнайы) бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 шілдедегі N 715 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2009 - 2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол" мемлекеттік (арнайы) бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

2009 - 2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол" мемлекеттік (арнайы) бағдарламасы туралы

"Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 14 ақпандағы N 535 Жарлығын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған 2009 - 2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол" мемлекеттік (арнайы) бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктелсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

БЕКІТІЛГЕН

**2009 - 2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол"
МЕМЛЕКЕТТІК (АРНАЙЫ) БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана, 2008 жыл

Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Проблеманың қазіргі заманғы жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері
5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері
 - 5.1.1. Еуропалық елдермен технологиялық ынтымақтастықты жолға қою үшін жағдай туғызу
 - 5.1.2. Еуропа мемлекеттерімен энергетикалық ынтымақтастықты дамыту
 - 5.1.3. Еуропалық елдермен көлік саласында ынтымақтастықты дамыту
 - 5.1.4. Техникалық реттеу және метрология жүйесі саласындағы ынтымақтастықты дамыту
 - 5.1.5. Еуропа елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету
 - 5.1.6. Шағын және орта бизнесті дамытудағы ынтымақтастық
 - 5.1.7. Өмірдің сапасы саласында еуропалық елдермен ынтымақтастықты кеңейту
 - 5.1.8. Гуманитарлық өлшем тұрғысындағы ынтымақтастықты кеңейту
- 5.2. Оң сипаттағы еуропалық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық институционалдық-құқықтық базаны жетілдіру
- 5.3. ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудің басымдықтары
6. Қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы

2009 - 2011 жылдарға арналған
"Еуропаға жол" мемлекеттік

(арнайы) бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздемесі

Қазақстан Республикасы
Президентінің 2008 жылғы 6
ақпандағы "Қазақстан халқының

		әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты
Әзірлеуші	Қазақстан халқына Жолдауы	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Мақсаты		Қазақстан Республикасының Еуропаның жетекші елдерімен стратегиялық әріптестік деңгейіне шығуы
Міндеттері		<p>Қазақстан Республикасының Еуропа мемлекеттерімен мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастығын дамыту және тереңдету:</p> <p>технологиялық ынтымақтастық; энергетикалық ынтымақтастық; көлік саласында; техникалық реттеу және метрология жүйесі саласында; сауда-экономикалық ынтымақтастық; шағын және орта бизнесті дамытудағы өзара іс-қимыл; өмір сүру сапасы саласындағы ынтымақтастық; гуманитарлық өлшем тұрғысындағы ынтымақтастықты кеңейту</p> <p>Оң сипаттағы еуропалық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық институционалдық-құқықтық базаны жетілдіру</p> <p>2010 жылы Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі үшін жағдай жасау</p>
Іске асыру мерзімдері	2009 - 2011 жылдар	
Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері		Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстардың мөлшері 2009 - 2011 жылдарға

"Республикалық бюджет туралы"
Қазақстан Республикасының
Заңымен анықталады және тиісті
қаржы жылдарына арналған
республикалық бюджетті
қалыптастырғанда жыл сайын

нақтыланады

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асырудың
нәтижесінде:
саяси, экономикалық және
гуманитарлық салаларда Қазақстан
Республикасының Еуропаның
жетекші елдермен стратегиялық
әріптестік деңгейіне шығуы;
Еуропа елдерімен тауар айналымын
жыл сайын 10%-ға ұлғайту үшін
қолайлы жағдай жасау;
жыл сайын Еуропа мемлекеттері
және үкіметтері басшылары
деңгейінде кемінде 5 сапармен
алмасу (халықаралық іс-шаралар
кестесіне сәйкес);
Еуропа елдерінің технологияларын
тарта отырып, инновациялық
кәсіпорындар құру:
2009 ж. - 2 кәсіпорын;
2010 ж. - 2 кәсіпорын;
2011 ж. - 4 және одан да көп;
қазақстандық желілерді
панъеуропалық көлік желілерімен
түйістіру контекстінде Көліктік
желілерді дамыту бойынша өзара
түсіністік туралы меморандумға
ЕО - мен қол қою;
ЕО елдерінің талаптарына сәйкес
келетін техникалық регламенттер
мен үндестірілген стандарттар
қ а б ы л д а у ;
еуропалық нормаларды ескере

отырып, ұлттық заңнаманы
жетілдіру;
Еуропалық құрылымда Қазақстан
Республикасының мүдделерін

ілгерілету.

2. Кіріспе

2009 - 2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол" мемлекеттік (арнайы) бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына жолдауына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу қажеттілігі елдің ішкі дамуының өзекті міндеттерін шешудің, еуропалық бағыттағы ұлттық басымдықтарды әзірлеудің, тарихи қалыптасқан байланыстарды нығайтудың, еуропалық интеграция және институционалдық-құқықтық реформалар тәжірибесіне сүйенудің, технологиялық, энергетикалық, көліктік, сауда және инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетудің маңыздылығынан туындады.

3. Проблеманың қазіргі заманғы жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасының Сыртқы саясаты тұжырымдамасына сәйкес Еуропа елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту Қазақстан үшін стратегиялық мүддені білдіреді.

Қазіргі уақытта Еуропа елдерімен екі жақты қарым-қатынастардағы технологиялық, энергетикалық, сауда және көліктік ынтымақтастық әлеуеті толық іске асырылмауда.

Сондай-ақ Еуропалық Одақ елдері тұтас алғанда Орталық Азия мемлекеттерімен және атап айтқанда Қазақстанмен ынтымақтастыққа айрықша назар аударатынын ескеру қажет. Олардың ортақ ұстанымы 2007 жылғы маусымда Еуроодақтың саммитінде қабылданған "ЕО және Орталық Азия: Әріптестіктің жаңа стратегиясы" атты құжатта көрсетілген. Еуропалық Одақтың ішкі құжаты болып табылатын Стратегия ЕО-ның Орталық Азиямен және Қазақстанмен өзара іс-қимылының маңызды бағыттарын қамтиды.

Еуропаның бірқатар елдерінің ЕО-ның еуропалық құрылымдарына интеграциялануға ұмтылысы немесе олардың Еуропалық көршілік саясат шеңберінде ЕО-мен өзара іс-қимылы осы елдерге әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың әртүрлі салаларында белгілі-бір жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама көрсетілген елдердің ЕО мемлекеттерімен және еуропалық құрылымдармен ынтымақтастығын дамытудың оң тәжірибесін ескере отырып әзірленген.

Бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі қағидаты - тепе-теңдік және прагматизм қағидатын дамытуға жәрдемдеседі.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Саяси, экономикалық және гуманитарлық салаларда Қазақстан Республикасының жетекші еуропалық елдермен стратегиялық серіктестік деңгейіне шығуы Бағдарламаның мақсаты болып табылады.

Бағдарламаның аталған мақсаттарына қол жеткізу үшін төмендегі міндеттерді шешу к ө з д е л е д і :

1. Қазақстан Республикасының Еуропа мемлекеттерімен төмендегі бағыттар бойынша ынтымақтастығын дамыту және нығайту:

- технологиялық ынтымақтастық;
- энергетикалық ынтымақтастық;
- к ө л і к с а л а с ы ;
- техникалық реттеу және метрология жүйесінің саласы;
- сауда-экономикалық ынтымақтастық;
- шағын және орта бизнесті дамытудағы ықпалдастық;
- өмір сүру сапасы саласындағы ынтымақтастық;
- гуманитарлық өлшем тұрғысындағы ынтымақтастықты кеңейту.

2. Оң сипаттағы еуропалық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық институционалдық-құқықтық базаны жетілдіру.

3. 2010 жылы Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі үшін жағдай жасау.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

5.1.1. Еуропалық елдермен технологиялық ынтымақтастықты жолға қою үшін жағдай туғызу

Еуропа елдерімен технологиялық ынтымақтастықты жандандыру жаңа технологияларды тарту мақсатын көздейді. Еуропалық серіктестермен өзара ықпалдасу , оның ішінде нанотехнологиялар мен биотехнологиялар саласында ықпалдасу Қазақстанда құрылып жатқан және іске қосылған технопарктерге серпін береді.

Еуропалық елдердің мамандарын шақыра отырып, технопарктердің аумағында инновациялық менеджмент саласындағы мамандарды даярлау және инженерлік кадрларды қайта даярлау бойынша бірқатар оқу іс-шараларын өткізу көзделуде.

Қазақстанда бар көлік коммуникацияларын реформалау және жаңаларын құру жөнінде прогрессивті еуропалық технологияларды пайдалануда ынтымақтастықты д а м ы т у к ө з д е л е д і .

Еуропада пайдаланылып жүрген аграрлық технологиялар ұлттық ауыл шаруашылығын елеулі түрде дамытуға қызмет етеді. Еуропалық стандарттарға және өнімдерді сертификациялауға бірте-бірте көшу жеке міндет болып табылады, мұның өзі өз кезегінде қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің Еуропа елдерінің рыноктарына шығуына жол ашады.

Ғылым, жаңа технологиялар және инновациялық әзірлемелер, оның ішінде технологиялардың қазақстандық трансферт жүйесі мен технологиялардың еуропалық

трансферт жүйесінің мүмкіндіктерін тарта отырып, технологиялардың трансфертін ұйымдастыру саласында өзара ақпараттық алмасуды дамыту.

5.1.2. Еуропа мемлекеттерімен энергетикалық ынтымақтастықты дамыту

Еуропалық нарықтағы Қазақстанның орнын бекіту және ұзақ мерзімді сипатын қамтамасыз ету мақсатында Еуропа елдеріндегі инфрақұрылымдық объектілерді қазақстандық тараптың сатып алуы бойынша жұмысты жалғастыру көзделген, ол объектілер: кемежайлар, терминалдар, мұнай өңдеу зауыттары, автомай құю станциялары және басқалары.

Энергия үнемдеу стратегиясы, осы салада инвестицияларды қолдау және қорғау, энергетикалық көліктік инфрақұрылымға рұқсат алу құқығы, жүйелік операторлардың табиғи монополиялардан тәуелсіздігі, салалық реттеу, тарифтік саясатты реформалау сияқты энергетика саласындағы бірқатар негізгі нарықтық қағидаттарды одан әрі дамытуда еуропалық тәжірибені пайдалану Еуропа елдерімен ынтымақтастықтың жеке бағыты болып табылады.

Еуропалық Одақтың жаңа энергетикалық стратегиясының негізгі бағыттарының бірі жаһандық жылыну мәселесі болып табылады. ЕО қайта қалпына келетін энергия саласындағы технологиялар бойынша дүниежүзілік көшбасшы саналатынын, Қазақстанда осы энергия түрінің елеулі әлеуеті бар екенін ескере отырып, энергия үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды енгізу мен дамыту мәселелері бойынша ЕО елдерінде таныстыру және оқу-үйрену семинарларын ұйымдастыру, халықаралық конференциялар мен көрмелерге қатысу арқылы тәжірибе алмасу қарастырылған.

5.1.3. Еуропалық елдермен көлік саласында ынтымақтастықты дамыту

Жолаушылардың, жүктің және көлік құралдарының еркін қозғалысы үшін көліктік қызмет көрсетуді беру, көліктің барлық түрлерін пайдаланудағы және басқа да қауіпсіздікті арттыру, ұлттық заңнама базасын үйлестіруді қамтамасыз ететін жағдай жасау арқылы еуразиялық трансконтинентальдық көлік дәліздерін одан әрі дамыту көзделген.

Бағдарлама тиісті меморандумға қол қоя отырып, ұлттық ұсынысты бекітіп, ұлттық көлік желілерінің панъеуропалық көлік желілеріне қосылу жөніндегі келіссөздер процесін жалғастыруды; еуропалық стандарттарды ұлттық авиация саласына енгізудің бағдарламасы бойынша практикалық тағылымдамаларға қатысуды; теңізде жүзудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша кемежайлар инспекцияларымен тәжірибе алмасуды; автокөлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін сақтандырудың халықаралық жүйесін үйлестіру мәселелері бойынша еуропалық елдердің көлік министрліктерінің және халықаралық ұйымдардың сарапшыларымен келіссөздерге қатысуды; автокөлік құралдарының экологиялық тиімділігін арттыру тәжірибесін зерттеуді; алынған тәжірибені өзінің бағдарламалық құжаттарында іс жүзінде пайдалану мақсатында көлік саласының проблемалық мәселелерінің кең

ауқымын еуропалық елдермен тең дәрежеде талқылауға Қазақстанның толыққанды қатысуына ықпал ететін іс-шараларға қатысуды көздейтін бастамаларды нығайтуға жәрдем көрсетуге қызмет етеді.

5.1.4. Техникалық реттеу және метрология жүйесі саласындағы ынтымақтастықты дамыту

Тарифтік емес реттеудің құралдары болып табылатын техникалық реттеу мен метрологияның мақсаты мен миссиясы - өнім қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, оның бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру, сауда-саттықтағы техникалық кедергілерді жою, бизнеске әкімшілік қысым көрсетуді төмендету және өлшемдердің дұрыс емес нәтижелерінің салдарларынан республика азаматтары мен экономикасының мүдделерін қорғау болып табылады.

Көліктік коммуникация, агроөнеркәсіптік кешен, энергетика, экология мен денсаулық сақтауды қорғау саласында, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамыту мәселелерінде прогрессивті еуропалық технологияларды пайдаланудағы ынтымақтастықты дамыту көзделіп отыр.

Жаңа технологияларды іс жүзінде енгізу - Еуропалық Одақ елдерінің талаптарына сәйкес келетін техникалық заңнаманың, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың, өлшем құралдарының, сынақтан өткізу мен өлшем зертханалары жүйесінің тиісті базасын құрумен бірге жүруі тиіс.

Осыған байланысты техникалық регламенттерді әзірлеу және қабылдау; техникалық регламенттер талаптары орындалуының айғақтық базасы сипатында қызмет істейтін үйлестірілген стандарттарды әзірлеу; стандарттау және аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдарға, оның ішінде Стандарттау жөніндегі еуропалық комитетке (CEN), Аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымға (ILAC), Аккредиттеу жөніндегі халықаралық форумға (IAF) кіру; өлшем зертханаларын құру және модернизациялау; аккредиттеу ұйымдары (қазақстандық экспортты ілгерілету үшін " жасыл дәліз" құру), оның ішінде интеграциялық бірлестіктер шеңберінде берілетін аккредитациялау жүйесінің, сертификаттар мен хаттамалардың баламалығы жөнінде көпжақты және екіжақты келісімдерді жасасу жөнінде шаралар қабылдау; ұлттық эталондық базаны жетілдіру, оның еуропалық талаптарға барабарлығына сай келуіне қол жеткізу; зертханалар аралық салыстыруларды жүргізу; республикалық кәсіпорындарға менеджмент жүйесін жеделдетіп енгізу үшін халықаралық сарапшыларды тарту; рынокты қадағалау жөнінде халықаралық тәжірибені зерттеу көзделіп отыр.

5.1.5. Еуропа елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету

Соңғы жылдары Қазақстан және Еуропа елдері арасындағы сауда айналымы қарқынының ұлғаю үрдісі байқалады, алайда экспорт құрылымында дәстүрлі түрде шикізаттық тауарлар басым түсіп жатады. Осыған байланысты қазақстандық экспорттың құрылымын әртараптандыруға арналған күш-жігерді шоғырландыру қажет.

Қазақстан мен Еуропа елдерінің арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды тереңдету мақсатында Қазақстанның Еуропадағы сауда өкілдігін және бірқатар еуропалық елдерде оның бөлімшелерін құру көзделіп отыр.

Өкілдіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: Еуропа рыногында Қазақстанның экономикалық мүдделерін іске асыруға қатысты Еуропа елдерінің экономикалық саясатының ықпалына талдау жүргізу; отандық өнімдерді еуропалық рынокқа ілгерілету үшін қазақстандық кәсіпкерлерге ақпарат беру мақсатында Еуропа елдерінің сауда-саттық заңнамасын және сыртқы сауда қызметінің шарттарын зерттеу; еуропалық елдерге арналған қазақстандық экспорттың құрылымын әртараптандыру, оның ішінде еуропалық артықшылықтар жүйесін пайдалану (GSP+).

Бұдан басқа екі жақты келіссөздер жүргізу арқылы қазақстандық тауарлардың сыртқы рыноктарға экспортын ілгерілету үшін және Еуропа елдерінің рыноктарында қазақстандық тауар өндірушілерінің экономикалық мүдделерін қорғау үшін жағдайлар туғызу, еуропалық елдердегі жыл сайынғы халықаралық көрмелерге Қазақстан Республикасының қатысуы қазақстандық өнімдердің экспорттық жағрапиясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

5.1.6. Шағын және орта бизнесті дамытудағы ынтымақтастық

Бағдарлама - шағын және орта бизнесті дамытуға қатысты мемлекеттік саясатты одан әрі қалыптастыру, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік реттеуді оңтайландыру, салық салу жүйесін жетілдіру, банк кредиттеріне және қаржыландырудың басқа да көздеріне еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету, кадрлар даярлаудың ортақ жүйесін құру, шағын және орта бизнес субъектілері қызметін регламенттеу мәселелерінде қазақстандық заңнаманы жетілдіру және еуропалық елдердің заңнамаларымен жақындастыру мақсатында шағын және орта бизнес саласында ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.

Аталған саладағы мақсаттарға қол жеткізу төмендегідей жолдармен жүзеге асырылады: кәсіпкерлікті, салық салуды, оның ішінде шағын және орта бизнеске қатысты мемлекеттік қолдау саласында тәжірибе алмасуды қоса алғанда, іс жүзіндегі шаралар мен жобаларды іске асыру; кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамытуға жәрдем көрсету; бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру; бірлескен консультацияларды, семинарларды, конференцияларды, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеуге қатысты зерттеулерді ұйымдастыру.

Кәсіпкерлікті дамыту саласында тәжірибе алмасу бойынша еуропалық елдермен ынтымақтастық Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Қазақстанның және Еуропалық елдердің заңнамаларын үйлестіру, Қазақстан экономикасына инвестициялардың ағынын қамтамасыз ету, шағын және орта бизнес субъектілерінің кәсіби тұрғыдан

өсуін қамтамасыз ету арқылы қазақстандық компаниялардың еуропалық рынокқа жол ашуын жеңілдетуге болады.

5.1.7. Өмірдің сапасы саласында еуропалық елдермен ынтымақтастықты кеңейту

Өмірдің сапасы деп мемлекеттің экономикалық дамуының, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, білім беру және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік нәтижелерді көрсететін негізгі көрсеткіштердің жиынтығы т ү с і н д і р і л е д і .

Ұлттық экологиялық заңнаманы еуропалық елдердің стандарттарымен жақындастыруды, трансшекаралық проблемаларды шешу саласында бірлескен бағдарламаларды әзірлеуді, биологиялық саналуандықты сақтауды, қоршаған ортаны тарихи лас-қоқыстан тазартуды қоса алғанда, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту мәселелерінде Қазақстанның еуропалық елдермен ынтымақтастығын тереңдету көзделіп отыр. Климаттық өзгерістердің алдын алу саласында, Астана қаласында Еуразиялық су орталығының әлеуетін пайдалана отырып, су ресурстарын қорғау және зерттеу мәселелерінде іс-қимылды үйлестіру жөнінде шаралар көзделді. Осы мақсаттарды іске асыру үшін Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) экологиялық директорының Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдері үшін қоршаған ортаны қорғаудың іс-қимыл жоспары бойынша арнайы жұмыс тобының және табиғатты қорғау бейіміндегі еуропалық ұйымдардың қызметіне қатысатын болады.

Тиісті еуропалық стандарттарға сәйкес келетін медициналық көмек көрсетудің сапалы қызметі, оның ішінде медицинаға Еуропалық ақпараттық технологияны енгізу, денсаулық сақтау мен басқарудың инфрақұрылымы тиімділігін арттыру, ауруларға (жүрек-қан тамырлары және онкологиялық аурулар, құрт ауруы, гепатит, иммундық тапшылық вирусы (ИТВ)/жұқтырылған қорғаныс тапшылығының белгісі (ЖҚТБ) және басқалары) диагностика қоюдың, емдеудің және ол аурулардың алдын алудың сапасын жақсарту, қан дайындау, дәрі-дәрмектік құралдарға қол жеткізу және олардың сапасын арттыру, толыққанды тамақтанудың стандарттарын енгізу, кадрлық ресурстар жүйесін дамыту және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу ел халқына қызмет етудегі маңызды бағыт болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін азаматтардың денсаулығын нығайтуға бағытталған бірлескен іс-шаралар мен жобаларды жүргізу, сондай-ақ "Болашақ емханасы" медициналық холдингін, білім беру, ғылым және денсаулық сақтау ұйымдарын, университеттік клиникаларды басқарудың осы заманғы тәсілдерін өмірге әкелу, көпжақты байланыстарды кеңейтуге жәрдем көрсету, халыққа сапалы медициналық көмек беруде еуропалық тәжірибені зерттеу қажет.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіби білім беру салаларында, жоғары білім саласындағы өзара іс-қимылда, студенттерді және

профессорлық-оқытушылық құрамды алмасуда, оның ішінде "Erasmus Mundus", TEMPUS бағдарламалары шеңберінде, сондай-ақ еуропалық елдердің білім беру ұйымдарымен екі жақты шарттар негізінде ынтымақтастықты дамыту көзделіп отыр.

Техникалық және кәсіби білім беру саласында Еуропа елдерімен ынтымақтастықтың жекелеген бағыттары мыналар болып табылады: еуропалық тәжірибені ескере отырып, ұлттық біліктілік жүйесін құру, сертификация саласындағы әлемдік көшбасшыларды тарта отырып, біліктілік пен білім беру бағдарламаларын сертификаттау жүйесін енгізу, халықаралық талаптарға жауап беретін білім беру бағдарламаларын әзірлеу, инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің және өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру, техникалық және қызмет көрсетуші еңбектің кадрларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталықтарды басқаруға шетелдік менеджерлерді тарту, оқу орындарында жұмыс істеу үшін шетелдік оқытушылар мен мамандарды тарту.

Аталған саладағы мақсаттарға қол жеткізу - қазақстандық және еуропалық оқу орындары арасындағы байланыстарды кеңейтуге жәрдем көрсетуді, білім сапасын басқарудың университеттік жүйесін құруды, Қазақстан - Британ техникалық университетінің және Қазақстан - Неміс университетінің базасында жоғары білім беру саласындағы білім беру хабтарын құруды, мемлекеттік қызметкерлерді кәсіби даярлауда және қайта даярлауда еуропалық тәжірибені зерттеуді ілгерілетуді және еуропалық тілдерді оқып-үйренуге жәрдем көрсетуді қоса алғанда, практикалық шаралар мен жобаларды іске асыру арқылы жүзеге асатын болады.

Әскери білім беру және әскери-ғылыми қызмет, төтенше жағдайларды алдын алу және жою салаларында еуропалық елдермен ынтымақтастықтың бағыттарын іске асыру үшін тиісті нормативтік-құқықтық база қалыптастыру көзделіп отыр.

Бағдарлама - жұмыспен қамту, еңбекке қабілетті халықтың көші-қоны, аз қамтылған азаматтар, мүгедектер санаттарын әлеуметтік қолдау, әлеуметтік қызмет көрсетуді дамыту, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүше елдердің коммерциялық тұрғыдан араласуынсыз қызметті жеткізуші - жеке тұлғалардың орын ауыстыруы бөлігінде іс-тәжірибені зерттеу үшін еуропалық елдермен ынтымақтасуды көздейді.

5.1.8. Гуманитарлық өлшем тұрғысындағы ынтымақтастықты кеңейту

Қазақстан мен Еуропа елдерінің азаматтық қоғам институттары арасындағы әріптестік қарым-қатынасты дамыту көзделуде, мұның өзі азаматтық қоғамның ұлттық институттарының халықаралық қоғамдастықпен интеграциялануына, ұлттық мүдделер тұрғысында әлеуметтік, мәдени, білім беру, ақпараттық-ағартушылық және басқа да жобаларды іске асыруға, әлеуметтік әріптестік институтын дамытуға жәрдемдесетін болады. Бұл этникааралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін нығайтуға және насихаттауға қосымша тыныс береді.

Этникааралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету саласында тәжірибе

алмасу еуропалық елдермен ынтымақтастықтың жеке бағыты болып табылады, мұның өзі этникааралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудің тиімді тетіктерін құруда қазақстандық оң тәжірибені насихаттауға, дінге төзімді және толерантты еуразиялық қоғамдастықты қалыптастыруға үлес қосуға мүмкіндік береді.

Еуропалық дәстүр тәжірибесін пайдалана отырып, Қазақстанның теңдестірілген гендерлік үлгісін дамыту үшін одан әрі жағдайлар туғызу көзделуде.

5.2. Оң сипаттағы еуропалық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық институционалдық-құқықтық базаны жетілдіру

Соңғы жылдары Қазақстанда ұлттық заңнаманы жетілдіру жөнінде үлкен жұмыс жүргізілуде, 2007 жылы ел Конституциясына өзгерістер енгізу оның маңызды кезеңі болды.

Қазіргі уақытта осы жұмыс мүдделі министрліктер мен ведомстволардың күштерімен жалғасын табуда, бұл орайда олардың арасында түрлі деңгейлерде белсенді ықпалдастық жүзеге асырылуда. Отандық және халықаралық сарапшылық қоғамдастығының елеулі әлеуеті пайдаланылуда.

Жүргізіліп жатқан жұмыстың басты мақсаты саяси және мемлекеттік құрылыстың қазақстандық үлгісін жетілдіру, елдің саяси өмірін ырықтандыру және Қазақстанды жалпыәлемдік озық дәстүрлерге тарту болып табылады. Атап айтқанда мұның сайлау, саяси партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары (диффамация мәселелерін қоса алғанда), сот жүйесін реформалау туралы заңнаманы жетілдіруге және қоғамдық өзара қарым-қатынастың басқа да салаларына қатысы бар.

Сот әділдігі және қылмыстық іздестіру органдары арасында тәжірибе алмасуда, сондай-ақ тергеу бөлігінде және қылмыстық істерді соттық қарауда, азаматтық сот ісін жүргізуде және сот актілерін орындауда заңнаманы жетілдіру көзделуде.

5.3. ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудің басымдықтары

Мадридте Сыртқы істер министрлері кеңесінде қабылданған (2007 жылғы қараша), 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі туралы шешім тұрғысында, сондай-ақ жалпыға бірдей қабылданған практиканы ескере отырып, Бағдарлама шеңберінде қазақстандық төрағалық етудің басымдықтарын егжей-тегжейлі қарау жұмысы көзделуде.

Олардың қатарына төмендегі мәселелер жатады: ЕҚЫҰ кеңістігінде демократиялық институттарды дамыту үшін жағдайлар туғызу жөніндегі күш-жігерді жалғастыру; ЕҚЫҰ-ның барлық мемлекеттерінің транзиттік-көліктік әлеуетін, еуразиялық трансконтиненталдық көліктік дәліздерді дамыту, экологиялық проблемаларды шешу; Қазақстанның бейбітшілікті, қауіпсіздікті және ядролық қарусыздануды қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отырып, сенім білдіру шаралары мен өңірлік қауіпсіздікті нығайту; ЕҚЫҰ қызметіндегі қауіпсіздіктің әскери емес аспектілерін дамыту, атап айтқанда, терроризмге, экстремизмге, есірткі құралдарының заңсыз айналымына, ұйымдасқан қылмысқа, қару-жарақпен және адамдармен сауда-саттыққа қарсы күрес

салалары, сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның әріптес елі - Ауғанстанды қалпына келтіру.

Қауіпсіз, тұрақты және гүлденген Орталық Азияны құру процесінде, өңірдің тартымдылығын, оның ішінде экономикалық тартымдылығын арттыруда ЕҚЫҰ-ның әлеуеті мен құралдарын пайдалану маңызды міндет болып табылады.

6. Қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері

Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстардың мөлшері 2009 - 2011 жылдарға "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен анықталады және сәйкес қаржылық жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастырғанда жыл сайын нақтыланады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру мынадай нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін болады

саяси, экономикалық және гуманитарлық салаларда Қазақстан Республикасының жетекші Еуропа елдерімен стратегиялық әріптестік деңгейіне шығуы;
еуропалық елдермен тауар айналымын жыл сайын 10%-ке арттыру үшін қолайлы жағдай жасау;

жыл сайын мемлекеттер және үкіметтер басшылары деңгейінде 5 сапарлармен алмасу (халықаралық іс-шаралар кестесіне сәйкес);

еуропалық елдердің технологияларын тарта отырып, жүзеге асырылатын инновациялық кәсіпорындар құру:

2009 ж. - 2 кәсіпорын;

2010 ж. - 2 кәсіпорын;

2011 ж. - 4 және одан да көп;

қазақстандық жүйелерді панъеуропалық көліктік жүйелермен түйістіру контекстінде Көліктік жүйелерді дамыту бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға ЕО-пен қол қою;

ЕО елдерінің талаптарына сәйкес келетін техникалық регламенттер мен үндестірілген стандарттарды қабылдау;

еуропалық нормаларды ескере отырып, ұлттық заңнаманы жетілдіру;
Еуропалық құрлықта Қазақстан Республикасының мүдделерін ілгерілету.